

№44 ауысымдық (кешкі) ЖББМ
№1 педагогикалық кеңес отырысының
хаттамасынан үзінді

26.08.2024 жыл

Қатысқандар: 15 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын талдау. Қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау және білім сапасын арттыру жолдарын анықтау. 06.06.-13.06.2024 жылы мектепті мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған бұзушылықтар мен ескертулерді жою бойынша жұмыс жоспарын орындау.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Г. Гумарова сөз сөйледі.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Мәдениет министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 32-34 қосымшалары негізінде (№323 бұйрығы 26 қазан 2023 жыл қосымшалар мен өзгертулер енгізілген) «№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» КММ-де оқу процесі жүзеге асырылады.

Кешкі мектепте оқу жұмыс жоспарының инвариантты компонентіндегі оқу пәндері оқу аптасының 1,2,3 күндері, вариативтік компоненттерінің сынақ сабақтары оқу аптасының 4,5 күндері өткізіледі. Кешкі мектептің оқу жұмыс жоспарында «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Бастапқы әскери-технологиялық дайындық» пәндерін оқыту қарастырылмаған.

Сондықтан «Bilimclass» электрондық журналында оқу процесі кезінде тәрбие сағаты аясында класс жетекшілердің тақырыптық жұмыс жоспарларына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» білім беру бағдарламасы 7,8,9 кластарда (күндізгі және сырттай оқу бөлімі) класс жетекшілерінің жылдық оқу жүктемесі 15 сағат, 10-11 кластарда (сырттай оқу бөлімі) класс жетекшілерінің жылдық оқу жүктемесі 12 сағат.

«Жолда Жүру Ережесі» білім беру бағдарламасы 7-8 кластарда (күндізгі оқу бөлімі) жылдық оқу жүктемесі 10 сағатты құрайтын қосымша білім беру бағдарламалары тәрбие сағаттары аясында өткізілген.

Алдағы 2024-2025 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және «Жолда Жүру Ережесі» қосымша білім беру бағдарламаларының орындалуын жүзеге асыру класс жетекшілерге жүктелгендігі ескертілді.

- 7 «А» класс (күндізгі оқу бөлімі) – класс жетекшісі Есенбаева К.Б.
- 8 «А» класс (күндізгі оқу бөлімі) – класс жетекшісі Абдибекова Р.А.
- 9 «А» класс (сырттай оқу бөлімі) – класс жетекшісі Биекенова Е.А.
- 10 «А» класс (сырттай оқу бөлімі) – класс жетекшісі Абдикаликова Ж.С.
- 10 «Б» класс (сырттай оқу бөлімі) – класс жетекшісі Камысбаева Г.А.
- 11 «А» класс (сырттай оқу бөлімі) – класс жетекшісі Ибрашева К.Н.
- 11 «Б» класс (сырттай оқу бөлімі) – класс жетекшісі Бижанов Д.Ш.
- 11 «В» класс (сырттай оқу бөлімі) – класс жетекшісі Жумагулова Ж.С.

Педагогикалық кеңес отырысының шешімі:

1. Жоғарыда аталған класс жетекшілерге «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша 7,8,9,10,11 кластардың тақырыптық жылдық жоспарын құру және класс сағаттарында өткізу жүктелсін.

Сонымен қатар, «Жолда Жүру Ережесі» білім беру бағдарламасы бойынша 7-8 кластардың тақырыптық жылдық жұмыс жоспарларын құру және класс сағаттарында өткізу. 7 «А» класс жетекшісі К.Есенбаеваға, 8 «А» класс жетекшісі Р.Абдибековаға жүктелсін.

2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ташетова тарапынан «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және "Жолда Жүру Ережесі" білім беру бағдарламаларының оқу кестесіне енгізіліп, бағдарламалардың жүргізілуін орындауы қадағалансын.

Төрайымы: _____ Г. Гумарова
Хатшы: _____ Г.Тлеулиева

